

2026-2028 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 2025 жылғы 22 желтоқсандағы № 2-36 с шешімі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 7-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, 85-бабының 2-тармағына, 91-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2026-2028 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2026 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 3 752 877,7 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 288 615,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 36 719 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 2 000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 2 425 543,2 мың теңге;

2) шығындар – 4 638 935,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 19 951 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 60 550 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 40 599 мың теңге;

4) қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -906 008,9 мың теңге;

6) бюджеттің мұнай емес тапшылығы (профициті) – -906 008,9 мың теңге;

7) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 906 008,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 768 794 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 56 751 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 193 965,9 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 24.06.2026 № 2-41 с шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. 2026 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) республикалық бюджетке есепке жатқызылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, корпоративтік табыс салығы;

2) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, жеке табыс салығы;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке төлеген және аударған, арнаулы мобильдік қосымша пайдаланылатын арнаулы салық режимін қолданатын және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес орындаушылар болып табылатын дара кәсіпкерлердің кірістерінен алынатын жеке табыс салығы;

4) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

5) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғаларға салынатын мүлік салығын қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға, дара кәсіпкерлерге салынатын мүлік салығы;

6) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

7) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралы салығын қоспағанда, көлік құралы салығы;

8) бірыңғай жер салығы;

9) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген, құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыра қайнату өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген жеңіл автомобильдерге (мүгедектігі бар адамдарға арнайы жасалған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, мұнай еріткішке, жеңіл көмірсутектер қоспасына және экологиялық отынға акциздер;

10) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығын қоспағанда және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбаларға, жерасты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салығы;

12) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензиялар бергені үшін алым);

13) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

14) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

15) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

16) жылжымалы мүлік кепілін және кеме ипотекасын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ әуе кемесін тіркеуден алып тастауға және әкетуге кері қайтарып алынбайтын өкілеттікті мемлекеттік тіркегені үшін алым;

17) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

18) консулдық алымнан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне төленетін дивидендтер;

аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне төленетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруындағы аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншіктегі тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) коммуналдық меншіктен түсетін өзге де кірістер;

2) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) жергілікті атқарушы органдар тартатын гранттар;

6) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетке түсетін өзге де салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;

2) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджетке түсетін трансферттер облыстық бюджеттен және ауылдық округтер бюджеттерінен түсетін трансферттер болып белгіленсін.
6. Аудандық бюджетке аудандық бюджеттен берілген несиелерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының несиелерінен түсетін түсімдер қамтылатыны белгіленсін.
7. Аудандық бюджетке облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар 851 405 мың теңге сомасында қарастырылсын.
8. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2026 жылға резерві 23 499 мың теңге көлемінде бекітілсін.
9. Ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 4-қосымшаға сәйкес қарастырылсын.
10. 2026 жылдың аудан бюджетінің шығындарында 451.007. "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша 5-қосымшаға сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек қарастырылатыны белгіленсін.
11. 2026 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыруға арналған бюджеттік кредиттер ескерілсін.
12. 2026 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:
- 1) санаторлық-курорттық емделуге;
 - 2) протездік-ортопедиялық құралдарға;
 - 3) сурдотехникалық құралдарға;
 - 4) тифлотехникалық құралдарға;
 - 5) арнайы қозғалыс құралдарына (кресло-арбалар);
 - 6) жаңа бастамаларға;
 - 7) психикалық кемістігі бар балаларға арналған санаторий-курорттық емдеу;
 - 8) гигиеналық құралдар (жөргектер);
 - 9) отбасын қолдау орталығының ағымдағы мазмұны;
 - 10) KTUL-343 "Солтүстік Қазақстан облысы шекарасы–Ақмола облысының шекарасы" аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуге;
 - 11) KTUL-84 "Ақбұлақ- Жас Ұлан" 0-26 км аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуге;
 - 12) KTUL-341 "Құлықөл-Қаратал-Береке" 0-5,3 км (5,3 км) аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуге;
 - 13) KTUL-100 "Көктерек-Тоспа-Жасқайрат-Қайрат" 30,0-78,8 км аудандық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеуге;

- 14) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;
- 15) орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ғимаратын күрделі жөндеуге;
- 16) мәдениет мекемелерін ұстау;
- 17) жергілікті атқарушы органдар бойынша мемлекеттік қызметшілердің төменгі санаттарына лауазымдық айлықақыларын арттыруға;
- 18) халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;
- 19) Бидайық ауылында спорт залы үшін блоктық-модульдік қазандық сатып алуға;
- 20) Бидайық ауылында жасанды жабыны бар шағын футбол алаңын орнатуға;
- 21) ауылдық елді мекендерді дамыту және салу схемаларын кезең-кезеңімен әзірлеу және түзету бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге;
- 22) Көбенсай ауылындағы су көтергіш бөгеттің гидротехникалық құрылыстарын көп факторлы тексеруге;
- 23) "Екі көз" 2 терезелі су өткізу құрылысының гидротехникалық құрылыстарын көп факторлы тексеруге.

Көрсетілген облыстық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2026-2028 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

13. 2026 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2026-2028 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

13-1. 6-қосымшаға сәйкес 2026 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бос қалдықтар есебінен 2026 жылға арналған бюджет шығыстары қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 13-1 тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы мәслихатының 31.03.2026 № 2-38 с шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының төрағасы

С. Саниев

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2025 жылғы 22 желтоқсандағы

№ 2-36 с шешіміне

1-қосымша

2026 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 24.06.2026 № 2-41 с шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1			2	3
			1) Кірістер	3 752 877,7
1			Салықтық түсімдер	1 288 615,5
	01		Табыс салығы	878 046,5
		1	Корпоративтік табыс салығы	124 000
		2	Жеке табыс салығы	754 046,5
	04		Меншікке салынатын салықтар	137 700
		1	Мүлікке салынатын салықтар	136 000
		3	Жер салығы	200
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 500
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	263 469
		2	Акциздер	1 500
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	259 969
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2 000
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар	9 400

			құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1	Мемлекеттік баж	9 400
2			Салықтық емес түсімдер	36 719
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	10 419
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	419
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	300
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, бюджеттен тыс қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан)	300

			ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	26 000
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	26 000
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 000
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	0
		1	Жерді сату	0
5			Трансферттердің түсімдері	2 425 543,2
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан берілетін трансферттер	1 992,9
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен берілетін трансферттер	1 992,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 423 550,3

		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 423 550,3
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1			2	3
			2) Шығындар	4 638 935,6
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1 105 010,4
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	54 972,2
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	53 392,5
		005	Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	1 579,7
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	302 744,1
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	242 504
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60 240,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 213
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	663
			Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару,	

		010	жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	550
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	293 451,1
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	90 137,5
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	203 313,6
	475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	102 335
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	66 035
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	900
			Төменгі тұрған бюджеттерге	

		113	берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	35 400
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	350 295
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	72 330
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	38 983,5
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	238 981,5
02			Қорғаныс	43 547,5
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10 082
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10 082
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	33 465,5
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	9 458,5

		007	Аудандық (қалалық)) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	24 007
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	12 148
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	12 148
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	12 148
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	384 487,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	41 759
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	41 759
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	250 579
			Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық	

		004	сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	9 825
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	525
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	40 969
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	270
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	90 332
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен	69 357

			көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	
		027	Халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру	39 301
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	92 149,6
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	79 307,6
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге акы төлеу	842
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту	12 000
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	961 938,1
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі	758 781,7

			және автомобиль жолдары бөлімі)	
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	708 254
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	50 527,7
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	0
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет , құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	182 945,4
		014	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту	25 500
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	21 555
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	35 890,4
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	100 000
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет , құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі	20 211

			және автомобиль жолдары бөлімі)	
		029	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	20 211
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	642 388,2
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	100 457
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	100 457
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	157 406,2
		036	Мәдениет объектілерін дамыту	157 406,2
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	64 643
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	29 647
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	10 561
			Әр түрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама	

		007	командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	24 435
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	20
		021	Спорт нысандарын дамыту	20
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	170 048
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	40 940
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	128 198
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	910
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	149 814
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік	48 717

			саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	350
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	30 249
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	70 498
10			Ауыл, су, орман, б а л ы қ шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	83 792
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	55 765
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 755
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10010
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 027
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	28 027

11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8 726
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	8 726
		05	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	8 726
12			Көлік және коммуникация	678 259,7
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	659 059,7
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	65 000
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	594 059,7
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	19 200

		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	19 200
13			Басқалар	271 909,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 499
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	28 499
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі)	243 410,1
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	243 410,1
14			Борышқа қызмет көрсету	3 757
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 757
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге	3 757

			де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	
15			Трансферттер	442 972
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	442 972
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	11 112
		024	Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төмен тұрған бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3 159
		038	Субвенциялар	428 701
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	19 951
			Бюджеттік кредиттер	60 550
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	60 550
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	60 550
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	60 550
Санаты				

	Кіші сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
6			Бюджеттік кредиттерді өтеу	40 599
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	40 599
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	40 599
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-906 008,9
			6) бюджеттің мұнай емес тапшылығы (профициті)	(-906 008,9
			7) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	(906 008,9
8			Қарыздар түсімі	768 794
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	768 794
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	768 794
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	56 751
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	56 751
		005	Жергілікті атқарушы органның	56 751

			жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші сыныбы			
		Кіші сыныбы		
9			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	193 965,9
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	193 965,9
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	193 965,9

Уәлиханов аудандық мәслихатының
2025 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 2-36 с шешіміне
2-қосымша

2027 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1			2	3
			1) Кірістер	2 011 130
1			Салықтық түсімдер	1 077 982
	01		Табыс салығы	732 193
		1	Корпоративтік табыс салығы	83 775
		2	Жеке табыс салығы	648 418
	03		Әлеуметтік салық	0
		1	Әлеуметтік салық	0
	04		Меншікке салынатын салықтар	153 588
		1	Мүлікке салынатын салықтар	151 912
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 676
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	181 701

		2	Акциздер	1 676
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	178 685
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	1 340
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	10 500
		1	Мемлекеттік баж	10 500
2			Салықтық емес түсімдер	40 680
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	11 638
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	11 170
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	468
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	29042
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	29042
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	2 234
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 234
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген	2 234

			мемлекеттік мүлікті сату	
4			Трансферттердің түсімдері	890 234
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	890 234
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	890 234
Функционалдық топ				
